

Conference on Applied Linguistics Issues (ALI 2019) July 19-20, 2019, Saint Petersburg, Russia, Summer and Autumn 2019, Pages 256-274 // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>

7. *Qazaq әдеbieti pāni boiynsha qazaq mektepterine arnalğan baғdarlama, V-IX-X-XI synypтар.* -Almaty, 2013, - 264 b.
8. *Аuezov M. II tomdyq syғarmalar jinaғы.* - Almaty: Bilim, 2000, 1-tom, -160 b.
9. *Jūmajanova T. Аdebietti oqytu әdistemesi.* – Almaty: Bilim, 2009, -288 b.
10. *Baitenova G., Aitbaeva K., Kudurkulova N. Oquşylardy syғarmaşylyq jūmysqa baulu.* – Almaty, 2001, - 62 b.
11. *Monahov V.M. Proektirovanie i vnedrenie novyh tehnologii obuchenia.* –Moskva: Pedagogika, 1990, -240 str.
12. *Ertegiler. Kōp tomdyq. 2-tom.* – Almaty: Jazyzy, 1988, -320 b.
13. *Smanov B. Sabaq – oqu tārbie isiniñ negizgi tūri.* – Almaty: Mektep, 2005, -240 b.

FTAXP 14.25.19

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.026>

Н.Д.Сапанова,^{1*}  Ж.Б.Шілдебаев,¹  Р.А.Альменаева² 

² Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан
² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың сыни ойлау дағдысын арттыруда, және экологиялық білімін қалыптастыруда іс әрекетті зерттеу бағдарламасының тиімділігі анықталып, дәстүрлі оқыту, жалпы білім беру бағдарламасы мен салыстырғанда артықшылығы неде екендігі талданады. Мақалада далалық іс-шаралар, метеп аясында жүргізілген жобалармен ауқымды акциялар, оқушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, білімдерінің де толығуына ықпал ететіндігі, экологиялық біліммен қатар мәдениеттің қалыптасуына да түрткі болатындығы зерттелінеді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған оқыту әдіснамасының негізгі принциптері оқушылардың білімінің тереңдеуіне әлеуметтік сыни тұрғыда талдау жасауына бағдар беріп танымын арттыратындығы талқыланады. Сапалы деректер алынуы үшін зерттеу топтарына 3 ай бойы іс- әрекетті зерттеу бағдарламасы аясында зерттеу жүргізіле отырып нәтижелер талқыланды. Оқушыға бағытталған оқыту әдістерінің көптеген түрлері және білім алушыларға бағытталған оқыту және олардың бірлескен іс-әрекеттері зерттеу тобындағы оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға үлес қосты. Зерттеуден кейінгі сандық мәліметтерге сүйене отырып, зерттеу тобындағы оқушылардың іс-шараларға белсенді қатысқандығын және олардың экологиялық мәселелерді шешуге қызығушылық танытқандығын, іс- әрекетті зерттеу модельнің оқушылардың экологиялық функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді екендігін көрсетті.

Қортындылай келгенде, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуы олардың білім деңгейінің артуына әсер ететіні зерттелінеді. Дәстүрлі оқыту формасынан ерекшеленетін тәжірибелер, барлық қолданған стратегиялар, педагогтарға экологияны оқыту аясын кеңейтуіне мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: фуункционалдық сауаттылық, сыни ойлау, экологиялық білім, экологиялық мәдениет, іс-әрекеттер, дәстүрлі оқыту.

Сапанова Н.Д.,^{1*} Шілдебаев Ж.Б.,¹ Альменаева Р.А.²

¹Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В данной статье будет определена эффективность программы деятельностного исследования в повышении навыков критического мышления учащихся, а также в формировании экологических знаний, проанализировано, в чем преимущества традиционного обучения по сравнению с общеобразовательной программой. В статье исследуется, что полевые мероприятия, масштабные акции с проектами, проводимыми в рамках метепа, способствуют не только повышению активности учащихся, но и пополнению знаний, стимулируют формирование культуры наряду с экологическими знаниями.

Обсуждается, что основные принципы методологии обучения, предложенные в результате исследования, способствуют познанию учащихся, ориентируясь на социально-критический анализ углубления их знаний. Для получения качественных данных исследовательским группам в течение 3 месяцев обсуждались результаты с проведением исследования в рамках программы исследования действий. Многие типы методов обучения, ориентированных на учащихся, а также обучение, ориентированное на учащихся, и их совместная деятельность способствовали повышению экологической грамотности учащихся в исследовательской группе. Основываясь на количественных данных после исследования, было показано, что учащиеся исследовательской группы активно участвуют в мероприятиях и заинтересованы в решении экологических проблем, исследование деятельности показало, что модель эффективна в повышении экологической функциональной грамотности учащихся.

Подводя итоги, исследуется, влияет ли развитие критического мышления учащихся на повышение их уровня знаний. Опыт, все используемые стратегии, отличающиеся от традиционной формы обучения, позволяют педагогам расширять сферу обучения экологии.

Ключевые слова: функциональная грамотность, критическое мышление, экологическое образование, экологическая культура, деятельность, традиционное обучение

Sapanova N.,^{1} Childibaev D.,¹ Almenayeva R.²*

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

EFFECTIVE METHODS OF INCREASING THE ENVIRONMENTAL FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS

Abstract

This article will determine the effectiveness of the activity research program in improving students' critical thinking skills, as well as in the formation of environmental knowledge, and analyze the advantages of traditional education in comparison with the general education program. The article explores that field events, large-scale actions with projects carried out within the framework of metep, contribute not only to increasing the activity of students, but also to replenishing knowledge, stimulate the formation of culture along with environmental knowledge.

It is discussed that the basic principles of the teaching methodology proposed as a result of the study contribute to the cognition of students, focusing on the socio-critical analysis of the deepening of their knowledge. In order to obtain high-quality data, the research groups discussed the results for 3 months with the conduct of the study within the framework of the action research program. Many types of student-centered learning methods, as well as student-centered learning and their collaborative activities, have contributed to improving the environmental literacy of students in the research group. Based on the quantitative data after the study, it was shown that the students of the research group actively participate in activities and are interested in solving environmental problems, the activity study showed that the model is effective in improving the environmental functional literacy of students.

Summing up, it is investigated whether the development of students' critical thinking affects the improvement of their level of knowledge. Experience, all the strategies used, which differ from the traditional form of education, allow teachers to expand the field of environmental education.

Keywords: functional literacy, critical thinking, environmental education, environmental culture, activities, traditional learning.

Кіріспе. Функционалдық сауаттылық- кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан- жақты шеше білу қабылеттерін көрсетеді. Білім беру саласының деңгейі халқаралық PISA, TIMSS, және PIRLS салыстырмалы зерттеулері арқылы анықталады. Оқушылардық халқаралық салыстырмалы зерттеулерінің білім және білік сапасының көрсеткіші де фунуционалдық сауаттылық болып саналады. Қазақстандық оқушылардың осы зерттеулерге қатысу нәтижесі функционалдық сауаттылықтың қажетті деңгейде қалыптаспағандығын көрсетіп тұр. Осыған орай, Қазақстандағы мектептегі білім беру жүйесі балалардың дағдыларын дамытуда әртүрлі оқу және тірлік жағдаяттар, тұлға аралық қарым- қатынаспен әлеуметтік қатынастар дағдысын дамытуға құрылу тиіс.

Оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруда, қолданбалы курстармен әдістемелік құралдар көмегі арқылы, олардың қоршаған орта және экологиялық мәселелердің алдын алуда терең білім мен тәрбиені қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Табиғат әлемі тірі және

жансыз арасындағы қарым – қатынастар мен өзара әрекеттесулер оларды түбегейлі түсінуді қажет етеді.

Экологиялық сауаттылық - қоршаған ортаға қатысты терминдерді тану, табиғаттың қалай жұмыс істейтінін түсіну, олардың қоршаған ортаға қалай әсер ететіні және олардың әсерін азайту үшін шаралар қабылдау болып табылады, сондықтанда оқушыларға экологиялық тәлім-тәрбие беру маңызды болып саналмақ.

Климаттың өзгеруі - біздің жер беті-бет келіп тұрған ең үлкен және жақын қиындықтардың бірі. Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топтың алтыншы бағалау есебінде бұл көрсетілген [1]. Атмосфералық парниктік газдардың деңгейі негізінен адам әрекетінің салдарынан, тарихи жоғары деңгейге жетті. Бұл біздің климаттық жүйеміздің жылынуына әкеліп соқтырды. Жер шарындағы халық саны өсуде, сондықтанда адамзаттың табиғи ресурстарға деген қажеттілігі де күн санап артуда, сондықтанда біз қажетті шараларды қолданбасақ адамзат үлкен апатқа дүп келетіні сөзсіз [1].

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатарлы мәселелердің біріне айналды, мұндай жағдай адамзатты бұрынғыдан да дана, ақылды болуды талап етеді. Даналықты жүзеге асырудың бірі – экологиялық хабардарлық, жете білушілік болып табылады. Экологиялық жағдайдың әсері нәтижесінде жүргізілетін қазіргі адамзаттың рухани сапасын қайта қарау оларда алдыңғы кезекте жауапкершілік, даналық, ақылға салып көрушілік, аяушылық, табиғи ортаның әрбір байлығын бағалау және түсіну қабілеттерін дамытуға негізделген [2].

Қазақстан Республикасы президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауының негізінде қоғамдық өмір салаларының, соның ішінде білім саласының бірқатар стратегиялық жоспарлары мен бағдарламалары қабылданды. Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық сауаттылықты дамыту – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе және мек-тептер мен жоғары оқу орындарында өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажеттігі жөнінде жолдауда көрсетілген .

Әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу планетаның экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Адамның жеке және антропогендік әрекеті біздің планетамызға және онда өмір сүретін барлық тірі организмдерге үлкен әсер етеді. Мұндай әрекеттер қоршаған ортаның нашарлауына, биоәртүрліліктің тез жоғалуына және климаттың өзгеруіне әкелетінін ескере отырып, адамзат осы мәселелерді шешудің жолдарын ұсынуы керек [3].

Біздің іс- әрекетіміз жер шарына кері әсерін тигізіп жатқандығын біле тұра, әлі де дұрыс емес шешімдер қабылдаудамыз, сондықтан осындай қиыншылықтардан құтылудың шешімі не болмақ? әрине, біз шешуге тиісті мәселелердің негізгі аспектілері: халық санының шектен тыс өсуін болдырмау, сарқылатын табиғи байлықтардың асыра пайдаланылуын болдырмау. Экологиялық білімнің құлдырау деңгейін барынша түсініп, келешек ұрпақтың экологиялық санасын ояту болып табылмақ. Осындай күрделі қоғам аясында бізге жас ұрпақтың сауаттылығын арттыру маңызды болып табылмақ [3].

Өкінішке орай, Дэвид Опп (1992) айтқандай, білім беру мекемелері оқушылардың экологиялық білім деңгейінің жоғарлауына әлі де ықпал ете алмай отыр.

Бұл мәселе осыдан бірнеше жыл бұрынғыдай дәл бүгінде жалғасуда. Қазіргі қолданыстағы экологиялық оқыту бағдарламалардың мазмұнында әлі де кемшіліктер көп. Айталық, экологиялық білім берудің жаңа тәсілдеріне негізделмеген , көбінесе теорияға сүйенген болып, өз нәтижесін толық көрсете алмауда. Алдыңғы зерттеулер бізге экологиялық педагогиканың аясын барынша кеңейту керектігін көрсетеді. Оқушыларды одан әрі қызықтыру үшін біз оқыту және оқыту стратегиялары туралы ойлануымыз керек. Проблемалық оқыту, әрекетке бағытталған және ынтымақтастықты қамтитын оқыту әдістерін қолданғанымыз тиімді болмақ [4].

Оқушыларға тиімді әсер ететін жаңа стратегиялар айтуға оңай болғанымен, тәжірибе жүзінде оның дәлелденуі маңызды болмақ [5].

Сондықтан бұл шолудың мақсаты осы мақалалардағы стратегияларды сипаттау және қазіргі заманғы жағдайды көрсету: мектептердегі экосауаттылықты ынталандыру бойынша ағымдағы түсініктерді бейнелеу. Орта мектептің биология пәнінің мұғалімі ретінде мен өзімді үлкен жауапкершілікпен сезінемін, өйткені білім беру – бұл экологиялық сауаттылықтың жоғалуын шешудің ең ықпалды құралы [6].

Оқушылардың экологиялық функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатындағы, жүргізілген зерттеу барысында төмендегідей сұрақтар қарастырылды:

1. Жаңа форматтағы қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың экосауаттылығының артуына қаншалықты тиімді әсер ете алады?

2. Оқушылардың зерттеу соңында қоршаған ортаны қорғауға деген көзқарасы қаншалықты өзгереді ?

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының экологиялық біліміне , қоршаған ортаны қорғау туралы көзқарасы мен экологиялық бұзылыстардың алдын алу мақсатындағы шараларына, сабақтан тыс жүргізілген іс әрекеттердің қаншалықты әсер ететіндігін зерттеу болды. Осы негіздегі зерттеу жұмысының мақсаты төмендегідей :

1. Зерттеуге қатысқан оқушылардың экологиялық білім деңгейінің артуына, сыныптан тыс жүргізілген іс- шаралардың әсерін анықтау.

2. Зерттеуден кейін, зерттеу тобындағы оқушылардың экологиялық көзқарасының өзгеруіне бағдарламада қолданылған әдістердің оң әсерін анықтау.

Негізгі ережелер. Мақалада экологиялық функционалдық сауаттылықтың мазмұны ашылады. Бұл ұғым оқушылардың қоршаған ортаны қорғау бойынша білімдерін күнделікті өмірде қолдану қабілетін, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған практикалық дағдыларын сипаттайды. Қазіргі экологиялық мәселелердің күрделілігін ескере отырып, жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі талданады. Бұл болашақ ұрпақтың табиғатқа ұқыпты қарауын, ресурстарды тиімді пайдалануын және экологиялық тұрақтылықты сақтауға үлес қосуын қамтамасыз етеді. Экологиялық функционалдық сауаттылықты арттыру оқушылардың өмірлік құзыреттерін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Ал, экологиялық функционалдық сауаттылықты арттыру үшін білім беру үрдісіне экологиялық жобаларды, интерактивті оқыту әдістерін және практикалық жұмыстарды енгізу қажет. Экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған оқыту әдістері тек мектеп бағдарламасында ғана емес, қосымша іс-шараларда да қамтылуы тиіс. Сонымен қатар, мұғалімдердің экологиялық білім беру саласындағы кәсіби біліктілігін арттыру қажет. Мақалада қазіргі заманның экологиялық талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеу тәсілдері жан-жақты талданып, тиімді әдістер ұсынылған. Зерттеу нәтижелері экологиялық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған нақты қадамдар жасауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Деректерді жинау құралдары.

Оқушылардың жалпы зерттеу барысындағы әртүрлі іс-шаралардан кейінгі , олардың көзқарастары және нәтижелері сауалнама түрінде Google forms платформасы арқылы электронды жіберіліп жиналды, сонымен қатар оқушылардың күнделіктері , сызбалары мен плакаттары және макеттері жинақталып талданды.

Schmidt-тің көзқарасы бойынша мектептен тыс жүргізілген іс-шаралар, оқушылар үшін табиғат оларға қосымша мұғалім сияқты болады деген [7]. Оқушылар сыныпта үйренген білімдерін тәжірибемен ұштастыра алмағандықтан , жаттанды білім ретінде қалып кейін санадан өшуі мүмкін, сондықтанда мектептен тыс жүргізілген кез келген іс- шара оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына әсер ететіндігі сөзсіз.

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнамалар негізінен әрбір іс - шарадан кейін, оқушылардың экологиялық білімін және көзқарасын анықтауға арналған ашық және жабық сұрақтардан құралды.

Зерттеу жұмысы Алматы қаласы, М.В.Ломоносов атындағы №38 гимназиясының 13-15 жас аралығындағы 8-9 сыныптардың 100 оқушысына жүргізілді, зерттеуден бұрын мектеп психологтардың көмегімен, оқушылардың денсаулығына еш зиян келтірмейтін, зерттеу құпиялықтары

сақталатын, оқушылардың тікелей мүддесіне әсер етпейтін тесттер беру арқылы 50 оқушы өз еріктерімен зерттеуге қатысып арнаулы әзірленген жаңа форматтағы оқу бағдарламасы бойынша білім алса, ал 50 оқушы бақылау тобы ретінде дәстүрлі әдіс – тәсілдермен экологиялық білімді жетілдіруге арналған, элективті курс бағдарламасы негізінде оқытылды. Зерттеу 3 ай бойы жүргізілді.

Деректерді жинау үшін сандық сапалық әдіс қолданылды, айталық зерттеуге қатысқан оқушылардың берген жауаптары іріктеліп талданды. Зерттеу 2 бағыт бойынша жүргізілді. *А бағытында* сыныптан тыс жүргізілген іс-шаралар арқылы оқушылардың экосауаттылығының артуына ықпал ету. Ал *В бөлімінде* цифрлық стратегияларды қолдану арқылы оқушылардың экологиялық білім деңгейінің көтерілуіне ықпал ету. А бөлімінде зерттеу тобындағы оқушылар 2 шағын зерттеу жұмысы, айталық мектеп ауласын көгалдандыру және егін алқаптарына саяхат жасады. Зерттеуден кейінгі сауалнамада оқушылар екі деңгейде яғни толық келісемін және толық келіспеймін деген пікірлер арқылы, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік сынды көзқарастары анықталды. Сонымен қатар, қайта сынау әдісі сауалнамалардың нәтижесіне сүйене отырып 50 оқушы үшін корреляция коэффициенті 0,82 болса жеткілікті тиімді деп есептеледі. Оқушылар осы шара арқылы табиғаттың біз үшін маңыздылығын сезінеді, далалық жұмыс барысында өз білімдерін ұштап, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру негізінде, экологиялық мәселелерге қызғушылық танытады. Табиғатпен тікелей байланыста болу, оқушылардың танымын арттырып қана қоймай, оларға айналасындағы достарына үгіт – нәсихат жүргізуге деген талпынысын да оятады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған стратегиялар, зерттеу тобындағы оқушылардың білім деңгейінің бақылау тобындағы дәстүрлі оқыту бағдарламасымен білім алған оқушылардың, экологиялық білім деңгейінен әлдеқайда жоғары болды деген гипотезаға сәйкес келді.

Жалпы зерттеудің негізгі мақсаты 2 бағыт бойынша жүргізілген іс-шараларға қатысқан оқушылардың білім деңгейімен көзқарасының өзгеруін зерттеу еді.

А.Мектеп ауласын көгалдандыру

Көптеген мақалалар, оқушылардың экологиялық білімін жетілдірудің ұтымды жолы ретінде, мектеп ауласында жүргізілетін зерттеулер деп қарастырады [7]. Сондықтан да оқушылардың ботаникалық білімін ұштау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді. көгалдандыру бойынша іс-шараға қатысу оқушылардың білімдерін дамытып қана қоймай, еңбекке баулитыны сөзсіз. Оқушылардың зерттеуден кейінгі көзқарастары сауалнама негізінде зерттеліп, кері байланыс жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде байқалғаны, оқушылардың көзқарастарында оң өзгерістер көрінді. Өсімдіктердің маңыздылығын, тозаңдандырғыштардың санының азаюының ғаламдық мәселелерге себеп болатындығын танып, көбірек ағаш отырғызу арқылы, туындаған мәселелердің шешімін табуға болатындығы туралы ойлары дамыды.

Зерттеуден кейінгі оқушылардың білім деңгей көрсеткіші қандай ?

1-кестеде сауалнамада берілген сұрақтар негізінде, оқушылардың қоршаған орта туралы білімі көрсетілді. Жалпы көрсеткіш 0,85 ті көрсетті, бұл 0,5 критерийден жоғары. Сондықтанда оқушылардың тақырып бойынша білімі бар, адамзаттың іс- әрекетінің қоршаған ортаның бұзылуларына алып келетіндігі туралы көзқарастары анық және оның алдын алуда батыл шешімдер жасай алатындығын көрсетті. Сауалнамада берілген сұрақтар бойынша:

Кесте 1.

Оқушылардың сауалнамадағы сұрақтар бойынша мәліметтердің қысқаша мазмұны

S/N	Сұрақтар	Орташа мән	Стандарттық ауытқу
1	микроорганизмдердің, өсімдік және жануарлардың компоненттері экожүйе деп аталады	0.85	0.35
2	Экологиялық білім беру оқушылардың қоршаған ортаға зиян келтіру қабылеттерін арттырады	0.91	0.25

3	Адамзат іс –әрекеті қоршаған ортаның бұзылуына алып келеді	0.81	0.39
4	Экологиялық білім тек қазіргі болып жатқан мәселелерді шешуге бағытталады	0.82	0.38
5	Қоршаған ортаны қорғау, оны зиян заттардан, қалдықтардан арылтуға көмектеседі	0.92	0.27
6	Барлық ескерткіштер, салынған ғимараттар жолдар табиғи ортаны құрайды	0.60	0.49
7	Тұрақты даму – бұл қазіргі ұрпақтың қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады	0.80	0.40
8	Жер температурасының біртіндеп жоғарылауы жаһандық жылыну деп аталады	0.92	0.27
9	Қоршаған орта тек адаммен жануардан тұрады	0.95	0.21
10	Озон қабатының тесілуі табиғи құбылыс	0.56	0.49

Кесте 1Б.

Экожүйе туралы білім деңгейі туралы мәліметтердің қысқаша мазмұны

N	орташа мән	статистикалық орташа мән	стандарттық ауытқу
100	8.18	5.00	1.58

Жоғарыда көрсетілген 1 кестенің мәніне талдау жасайтын болсақ, орташа мән 8.18 ді көрсетті, ал орташа статистикалық көрсеткіш 5.00, бұл зерттеуге қатысқан оқушылардың, қоршаған орта туралы жеткілікті білімі бар дегенді көрсетеді.

В. Ауыл шаруашылық алқаптарына саяхат

Зерттеудің келесі түрінде оқушылар агроегін шаруашылығын зерттеу мақсатында, егін алқаптарына барып, азық –түлік өндірісіндегі экожүйенің маңыздылығын зерттеді. Іс шара барысында оқушылар егіндік жердің топырақ құрамын анықтап, сол алқаптағы био алуандықты зерттеп, қалыпты экожүйенің тепе- теңдігін сақтаудың басты мәселе екендігін түсінді. Басым бөліктегі оқушылар, зерттеу соңында топырақ экологиясын жақсарту туралы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, материалдар топтаумен айналысты.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер , айталық мектеп ауласындағы және егін алқаптарындағы жүргізілген іс-шаралар, оқушыларға практикалық жұмыс жасауға мүмкіндік береді, бұл оларға оқу үшін мотивация береді, экосауаттылықты арттыруға оң әсер етті.

Біз экологиялық сауаттылықты арттыру үшін оқушыларды қоршаған ортамен байланыстыратын стратегияларды қолдануымыз керек. Оқушылардың бұл қатынастарды анықтаудың тағы бір жолы – жасыл мектеп ғимараты.

Зангори және Коул өз зерттеулерінде жасыл мектеп ғимаратын құрудың сыныптағы экологиялық сауаттылықты арттыруда негіз болатындығын көрсеткен [8]. Сондықтан осы зерттеу барысында 2 топтағы оқушылар, айталық, бақылау тобы мен тәжірибелік топтағы оқушылар , жасыл және жасыл емес сыныптарға отырғызылды. Жасыл сынып бөлме өсімдіктерімен көмкерілген және шағын аквариум орналастырылған, сынып ашық түстермен безендендірілген. ал жасыл емес сынып ашық және бөлме өсімдігі қойылмаған. Зерттеу барысындағы екі топтың жазбалары, сұхбаттары, сызбалары салыстырылып зерттелінді. Олардың экожүйемен адам арасындағы тығыз байланысын сипаттауы әр түрлі деңгейде көрінді. Жасыл сыныпқа орналастырылған оқушылар қоршаған ортаның олардың оқу үлгеріміне және көңіл күйіне оң әсер ететіндігін атаса, ал бақылау тобындағы жасыл емес сыныптағы оқушылар экожүйемен адам арасындағы қатынасты толық мойындай алмады, зерттеу соңында екі топтағы оқушыларға сауалнама жүргізу арқылы олардың жауаптары негізінде жасыл сыныптың оқушылардың эмоционалдық күйімен, олардың қабылдау қабылеттілігіне де оң әсер көрсететіндігін байқадық. Сондықтан да оқушылардың танымына әсер етудің тиімді жолы деп бағалауға болады.

1. Экологиялық сауаттылықты арттыруға арналған цифрлық стратегиялар

Алдыңғы бөлімде, қоршаған ортаны танып білуде тікелей қарым- қатынас, тәжірибе және іс – әрекет арқылы экологиялық білімді жетілдірудің жалпы артықшылықтары сипатталған болатын. Бұл бөлімде оқушылардың заманауи, дамыған қоғамда білім алып жатқандығын ескере отырып , ақпарат құралдарын негізге ала отырып білім беруді оңтайлы әрі ұтымды деп санауға болады.

А. Мобильді оқыту

Phoebes, Rutledge and Sadler (2018) технология көмегімен сыныптан тыс жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін одан әрі жақсартуға болады деген [9]. Осы бағыт негізінде оқушылар төмендегідей зерттеу жұмысын алып барды, айталық өз мектеп ауласының интерактивті онлайн бақ нұсқаулығын жасады, келушілер тиісті деректерге нұсқаулықтағы тегтерді сканерлеу арқылы барлық ақпаратты көре алады, бұл нұсқаулықта мектеп ауласындағы барлық өсімдіктердің сипаттамалары мен ерекшеліктері енгізілген. Бұл әрі оңай әрі тиімді деп саналатын стратегиялардың бірі деп қарастырған жөн. Себебі ғылым мен техниканың сырын меңгерген оқушылар ақпараттық құрылғылармен жұмыс жасауды жақын қабылдайтындығы сөзсіз [10].

В. Ойын арқылы оқыту

Ойын – бұл көңіл көтеру мақсатында ғана болмайды, ойын арқылы жаңа дағдыларды қалыптастыруға , бір ізділіктен құтылуға , оқушылардың білімін көтеруге де болады. Madani, Pierce and Mirchi (2017) өз еңбектерінде ойын негізіндегі оқыту, мәселені шығармашылықпен шешуге, сыни көзқарас, топта жұмыс жасау, ынтымақтастық сынды дағдыларды да жақсартатындығын, оқушылардың танымдық және есте сақтау қабілеттеріне де тиімді әсер ететіндігін көрсеткен [11,12]. Сондықтан да дамыған қоғамда білім алып жатқан оқушылардың экологиялық білімін арттырудың қуатты құралы ретінде ойын арқылы оқытуды ұсынуға болады [13]. Зерттеудің бұл түрі 24 оқушыдан құрам тапқан 8 сынып оқушылары арасында жүргізілді, яғни, оқушылар рөлдік ойындар арқылы қазіргі бүкіл ғаламдық экологиялық мәселелерді көрсетті, ойын арқылы шынайы образды ашып адамзаттың тікелей қатысуымен болып жатқан апаттардың жиілеуінің қоршаған ортаға тигізген әсерін жете түсінді. Ойын соңындағы берілген кері байланыстардан біз оқушылардың оқыту бағдарламаларын осындай ойындар енгізудің өздеріне ктрек екендігін көрестуінде болды. Сондықтанда осы әдісті оқытудағы маңызды параметірлердің бірі ретінде қарастырған абзал .

Зерттеуден кейін оқушылардың қоршаған орта туралы көзқарасы қандай болды ?

Төменде берілген кесте оқушылардың қоршаған орта туралы көзқарасын көрсетеді. Экосауаттылықты көтеру негізінде құрылған бағдарламаны оқығаннан кейін , менің табиғатқа деген сүйіспеншілігім мен жауапкершілігім артты. Оқушылардың брген жауабы негізінде орташа мән 3.48 ді көрсетті. Бұл 2.5 критерийдің орташа мәнінен жоғары. Бұл оқушылардың қоршаған орта туралы оң көзқараста екендігін көрсетті. Адамзаттың барлық тірі ағзалардан жоғары қабылеттіліктің болуына қарамастан, адамдар заңға бағынады. Экосауаттылықты арттыруға арналған бағдарлама, мені бақылау тобындағы дәстүрлі форматта білім алған оқушылар тобынан ерекше болуыма мүмкіндік берді, бағдарлама тиімді болды деп айта алам, табиғаттағы барлық жан жануар қорғалуға құқылы. Адамдар қоршаған ортаға қатал түрде қиянат жасауда, егер бұл қазіргідей қарқынмен жалғаса беретін болса, біз жақын арада үлкен апатты жағдайды бастан кешіретініміз анық, міне бұл оқушылардың табиғи ортаға деген оң жауабы.

Кесте 2.

Оқушылардың қоршаған орта туралы көзқарасы

S/ N	Сұрақтар	Орта мән	Стандарттық ауытқу
1	Бағдарлама менің қоршаған ортаға еген қызығушылығымды арттырды	3.48	0.64
2	Экологиялық білім , саналы тұлғаларды жетілдіреді	3.62	0.53
3	Ерекше қабылетіміздің болғанына қарамастан, адамдар заңға бағынады.	3.33	0.66
4	Экологиялық білім маған, басқалардан артық болуыма мүмкіндік берді	2.98	0.85

5	Бағдарлама тиімді және өнімділігі жоғары	0.92	0.27
6	Адамзат қажеттілігі бойынша табиғатты өзгерту құқылы	2.81	0.96
7	Өсімдіктермен жануарлардың адам мен бірдей құқығы бар	3.41	0.73
8	Бағдарлама адамзаттың табиғатқа билік ететіндігін көрсетті	2.72	0.98
9	Адамдар қоршаған ортаға зиян келтіруде	3.40	0.73
10	Егер осылай жалғаса берсе, біз жақында үлкен апатқа тап келеміз	3.58	0.64
11	Егер біз дұрыс пайдалана білсек, жер шарында жеткілікті байлық бар	3.66	0.57
12	Қазіргі өндіріс орындарының әсерін жеңіп тепе теңдігін сақтауға табиғаттың күші жетеді	2.31	0.93

Кесте 2b.

Оқушылардың қоршаған орта туралы көзқарасы жалпы көрсеткіштері

N	орташа мән	статистикалық орташа мән	стандарттық ауытқу
100	38.64	24.00	4.29

Білім мен қоршаған ортаға көзқарас арасындағы қатынас қандай?

Гипотеза: оқушылардың білімі мен олардың қоршаған ортаға көзқарасы арасында ешқандай байланыс жоқ.

Кесте 3.

Қоршаған орта туралы білім мен көзқарас арасындағы байланысты көрсететін корреляция коэффициенті

N	қатынас нәтижесі	Корреляция r	p- мәні
1	білім және көзқарас	-0.078	0.380 p> 0.05

3-кестеде корреляция коэффициенті (r) -0,078 көрсетілген, бұл оқушылардың білімі мен қоршаған орта туралы көзқарасы арасында ешқандай байланыс жоқ дегенді білдіреді. Бұл оқушылардың қоршаған орта туралы білімін көрсетеді, әрі олардың бағдарламаға көзқарасына әсер етпейді.

Мектеп оқушыларына білім мен тәрбиені қатар жүргізу өзекті мәселелердің бірі болып, кешенді зерттеуді қажет етеді. Өйткені, біріншіден- болашақ ұрпақтарымыздың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатпен қоғам арасындағы қарым-қатынасын қалыптастыру үшін жүйелі білім беру керек; екіншіден- жас ұрпақтың бойында жауапкершілікті пайда ет; үшіншіден- экологиялық санамен тәрбиені арттыру.

Біз өз зерттеуімізде оқушылардың экологиялық функционалдық сауаттылығын арттыру үшін, зерттеу жұмыстарын ұйымдастырдық. Қазіргі таңда метептеде элективті курс бағдарламасы негізінде қосымша сабақтар жүргізілгенмен, оқушылардың арасында қоршаған ортаға деген көзқарастың әліде ойдағыдай болмауына байланысты, бұл зерттеуде оқушыларды қызықтырудың, өздерінің бойларында жауапкершілік сезімін қалыптастыру үшін екі бағытта жұмыстар жүргізілді. Қазір жалпы білім беретін мектептердегі негізгі қиындықтар, оқушылардың алған білімін теорияда пайдалана алмауы. Сондықтан да мектеп ауласын көгалдандыру, егін алқаптарына саяхат және цифрлық стратегияларды пайдалану арқылы, қолданған әдіс – тәсілдердің көмегімен оқушылардың білімін көтеруге болатындығы дәлелденді. Әрине бақылау тобындағы оқушыларда қызығушылықтың төмен болуы алаңдатады.

Зерттеу барысында алынған сауалнамалар, сұрақтарға берген жауаптары негізіндегі талдаулар арқылы зерттеу барысындағы қолданған әдістердің қаншалықты оң әсер ететіндігі анықталды. Зерттеуге қатысқан оқушылардың барлығы, өз іс –әрекеттерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін біліп қана қоймай, болашақта қоршаған ортаның тұрақтылығын қалай ұстап тұрамыз деген мәселеге де курс барысында назар аудара бастады.

Зерттеу тобындағы оқушылардың экологиялық функционалдық сауаттылықты көтеруге бағытталған бағдарлама негізінде алған білімдерінен кері байланысы



Сурет 1. Зерттеуден кейінгі оқушылардың кері байланысы

Суретте зерттеу тобындағы оқушылардың зерттеу жұмысы аяқталғаннан кейінгі іс – әрекетті зерттеу моделі бойынша құрылған бағдарламаның тиімділігіне берген кері байланысы көрсетілген, Бірінші бағанда оқушылардың әзірленген бағдарлама бойынша өтілген әрбір сабақтың қызықты болғандығын атап көрсеткен, айталық 98% оқушы сабақ кезінде оқушыларға еркіндік берумен олардың ойын тыңдау маңызды деп бағалаған. Екінші бағанда 100 % оқушы сабақтың құндылығын жоғары бағалаған. Оқушылар өздері жасаған әрбір жұмыстан рухани шабыт алған, адамзат болашағы үшін бірігіп әрекет ету, ұрпақтар сабақтастығы сынды тың идеялар ұсынып бойларында терең білім қалғанын көрсеткен. Үшінші бағандағы нәтиже оқушылардың осы жоба барысындағы экологиялық мәселелерді шешуге арналған оңтайлы шешімдердің көп болғандығын көрсеткен, айталық 85 % оқушы әзірленген бағдарлама барысындағы іс – әрекеттер нақты қадамға алып барады деп болжанды.

Қортынды. Нәтижелерді зерттей келе, зерттеуде қолданылған, экологиялық сауаттылықты арттыруға арналған элективті курс бағдарламасында қолданылған әдістер, оқушылардың білім құзыреттілігінің артуына ықпал етті. Зерттеу тобындағы оқушылар үнемі зерттеуге белсенді ат салысып, өз шығармашылықтарын көрсете білді. Зерттеу барысында қолданылған оқыту әдістері мен ұйымдастырылған іс-шаралар оқушылардың экологиялық мәселелерді тереңірек түсінуіне, табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруына және өз іс-әрекеттерін сын тұрғысынан бағалай алуына мүмкіндік берді.

Осылайша жүргізілген зерттеуден кейін мынадай қортынды жасауға болады:

Оқушылар зерттеу барысында екі бағытпен жүргізілген іс – шараға қатысу барысында, қоршаған ортаны қорғау туралы жауапкершілікпен қатар, экологиялық білімі артты;

Зерттеу тобына қатысқан оқушылар экология мәселелеріне байланысты іс-шараларға қатыса отырып, қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Олар табиғатты қорғауға бағытталған практикалық іс-әрекеттерге белсене араласып, өздері ұсынған бастамаларын іске асырды. Бұл олардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын өзгертті және табиғатты қорғау қажеттігін терең түсінуге ықпал етті.

Оқушылар элективті курс барысында тек теориялық біліммен ғана шектелмей, практикалық дағдыларын да жетілдірді. Олар табиғатпен тығыз байланыста екендігін түсініп, өз іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалауға үйренді. Әсіресе, күнделікті тұрмыста экологиялық сауаттылықты қолдану (қалдықтарды сұрыптау, ресурстарды үнемдеу) олардың өмір салтына айналды.

Зерттеу жұмысы кезінде оларда қоршаған ортамен тығыз қатынаста екендігі туралы, өз іс – әрекеттерінің үнемі ортаға ықпал ететіндігі туралы таным артты.

Зерттеуден кейін, зерттеу құрамында болған оқушылар экологиялық зерттеулерін жалғастыра берді. Зерттеу бізге сыныптан тыс ұйымдастырылатын іс- шаралардың, оқушылардың ерікті тандауы нәтижесінде жүргізілген іс- әрекеттердің әрдайым оң әсер ететіндігін көрсетті. Орта

мектеп немесе басқада білім беру ұйымдары үшін өзекті мәселе ол білім берудің жаңа бағдарламаларын жасап оқыту арқылы, болашақ ұрпақтың санасына, қоршаған ортаның ластануы адамзат денсаулығына да үлкен зиян келтіретінін түсіндіру, оның алдын алу үшін практикалық дағдыларды дамыту керек екендігін анықтау керек. Оқушылар күнделікті іс – әрекеттері арқылы экологиялық сауатты дамыта алады.

Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған элективті курстардың тиімділігін айқын көрсетті. Зерттеу барысында алынған нәтижелер орта мектеп пен басқа білім беру ұйымдары үшін үлгі бола алады. Экологиялық білім беру тек қана теориялық деңгейде емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылар күнделікті өмірде табиғатқа жанашырлықпен қарап, экологиялық сауаттылықтарын жетілдіре алады. Мұндай білім беру тәсілдері қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Shukla P.R., Skea J., Slade R., Khourdajie A. Al., van Diemen R., McCollum D., Pathak M., Some S., Vyas P., Fradera R., Belkacemi M., Hasija A., Lisboa G., Luz S., Malley J. IPCC, 2022: Climate Change 2022: Mitigation of Climate Change. Contribution of Working Group III to the Sixth Assessment Report of the Intergovernmental Panel on Climate Change // Cambridge University Press, Cambridge, UK and New York, NY, USA. DOI: 10.1017/9781009157926
2. Шілдебаев Ж.Б., Сауытбаева Г.З. Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық негіздері және әдістемесі: Монография. – Алматы, 2014. – 296 б.
3. Koshbaeva Sh., Karbaeva Sh. The essence of the concept of social ecology and relationship between man and nature // Pedagogics and psychology. – 2021. – № 4 (49)
4. Middendorf G., Cardelus C. Ecological literacy: The educational foundation necessary for informed public decision making // Frontiers in Ecology and the Environment – 2013 №11. -C. 330-331. DOI:10.1890/1540- 9295-11.6.330
5. Orr D.W. Ecological literacy: Education and the transition to a postmodern world – 1992
6. Capra F. Sustainable living, ecological literacy, and the breath of life // Canadian Journal of Environmental Education (CJEE) – 2007. №12 (1). -C. 9-18.
7. Häggström M., Schmidt C. Enhancing children's literacy and ecological literacy through critical place-based pedagogy // Environmental Education Research-2020. № 26:12. -C.1729- 1745. DOI: 10.1080/13504622.2020.1812537
8. Cermak M. Hip-Hop, Social Justice, and Environmental Education: Toward a Critical Ecological Literacy // The Journal of Environmental Education – 2012. № 43:3. -C.192-203. DOI: 10.1080/00958964.2011.633579
9. Hammarsten M., Askerlund P., Almers E., Avery H. Samuelsson T. Developing ecological literacy in a forest garden: children's perspectives // Journal of Adventure Education and Outdoor Learning – 2019. №19:3. -C. 227-241. DOI: 10.1080/14729679.2018.1517371
10. Phoebus P., Rutledge M., Sadler L., Kim C. Meeting the Giants in Our Midst: Developing an Interactive Online Arboretum Guide to Promote Ecological Literacy // The American Biology Teacher – 2018. № 80(8). -C. 572–576. DOI:10.1525/abt.2018.80.8.572
11. Almers E., Askerlund P., Samuelsson T., Waite S. Children's preferences for schoolyard features and understanding of ecosystem service innovations – a study in five Swedish preschools // Journal of Adventure Education and Outdoor Learning – 2021. № 21:3. -C. 230-246, DOI: 10.1080/14729679.2020.1773879
12. Fjellingsdal K., Klöckner C. ENED-GEM: A Conceptual Framework Model for Psychological Enjoyment Factors and Learning Mechanisms in Educational Games about the Environment // Front. Psychol – 2017. № 8:1085. DOI: 10.3389/fpsyg.2017.01085
13. Дзятковская Е.Н., Захлебный А.Н. Общепредметная экологическая грамотность школьников. М: Педагогика. 2017. №8-23 с.

References:

- 1.Shukla P.R., Skea J., Slade R., Khourdajie A. Al., van Diemen R., McCollum D., Pathak M., Some S., Vyas P., Fradera R., Belkacemi M., Hasija A., Lisboa G., Luz S., Malley J. IPCC, 2022: Climate Change 2022: Mitigation of Climate Change. Contribution of Working Group III to the Sixth Assessment Report of the Intergovernmental Panel on Climate Change // Cambridge University Press, Cambridge, UK and New York, NY, USA. DOI: 10.1017/9781009157926
2. Childibayev D.B., Sauytbaeva G.Z. Ecologiyalyk bilim men tarbie berudin teoriyalyk negizderi zhane adistemesi. Monografiya. [Theoretical foundations and methods of Environmental Education and upbringing. Monography.]– Almaty, 2014.- 296 b.
3. Koshbaeva Sh., Karbaeva Sh. The essence of the concept of social ecology and relationship between man and nature // Pedagogics and psychology. – 2021. – № 4 (49)
4. Middendorf G., Cardelus C. Ecological literacy: The educational foundation necessary for informed public decision making // Frontiers in Ecology and the Environment – 2013 №11. -C. 330-331. DOI:10.1890/1540- 9295-11.6.330

5. Orr D.W. Ecological literacy: Education and the transition to a postmodern world – 1992
6. Capra F. Sustainable living, ecological literacy, and the breath of life // *Canadian Journal of Environmental Education (CJEE)* – 2007. №12 (1). -C. 9-18.
7. Häggström M., Schmidt C. Enhancing children's literacy and ecological literacy through critical place-based pedagogy // *Environmental Education Research*-2020. № 26:12. -C.1729- 1745. DOI: 10.1080/13504622.2020.1812537
8. Cermak M. Hip-Hop, Social Justice, and Environmental Education: Toward a Critical Ecological Literacy // *The Journal of Environmental Education* – 2012. № 43:3. -C.192-203. DOI: 10.1080/00958964.2011.633579
9. Hammarsten M., Askerlund P., Almers E., Avery H. Samuelsson T. Developing ecological literacy in a forest garden: children's perspectives // *Journal of Adventure Education and Outdoor Learning* – 2019. №19:3. -C. 227-241. DOI: 10.1080/14729679.2018.1517371
10. Phoebus P., Rutledge M., Sadler L., Kim C. Meeting the Giants in Our Midst: Developing an Interactive Online Arboretum Guide to Promote Ecological Literacy // *The American Biology Teacher* – 2018. № 80(8). -C. 572–576. DOI:10.1525/abt.2018.80.8.572
11. Almers E., Askerlund P., Samuelsson T., Waite S. Children's preferences for schoolyard features and understanding of ecosystem service innovations – a study in five Swedish preschools // *Journal of Adventure Education and Outdoor Learning* – 2021. № 21:3. -C. 230-246, DOI: 10.1080/14729679.2020.1773879
12. Fjællingsdal K., Klöckner C. ENED-GEM: A Conceptual Framework Model for Psychological Enjoyment Factors and Learning Mechanisms in Educational Games about the Environment // *Front. Psychol* – 2017. № 8:1085. DOI: 10.3389/fpsyg.2017.01085
13. Dzyatkovskaya E.N., Zakhlebny A.N. *Obshepredmetnaya ekologicheskaya gramotnost skolnikov*. M: Pedagogika. 2017. № 8-23 s.

МРНТИ 14.01.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.027>

Ж.Т.Ижсанов,^{*1}  Б.Жүнісбек,²  С.Н.Рыскалиев,³  З.Қ.Қашқынбаева⁴ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

³М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

⁴М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУТБОЛ ОЙНАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада орта мектеп оқушыларының футбол ойнау дағдыларын қалыптастырудағы «дағды», «футбол ойнау» негізгі категорияларды философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан талданады. Оқушылардың футбол дағдыларын қалыптастырудағы қазіргі тенденцияларына сай теориялық, ғылыми-әдістемелік тұрғыдағы отандық және әлемдік зерттеулер сипатталады. Олардың негізгі сипаттамаларын ескере отырып, орта мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі білім сапасын арттыруға негіз болатын әдістемелерін анықтау жұмыстары ұсынылады. Мақалада футболшыларды дайындаудағы заманауи талаптарды тереңірек түсінуге және футбол ойнау дағдыларын тиімді дамыту үшін ғылыми-әдістемелік ұсынымдар беріледі. «Футбол» электронды журналының мазмұны, үлгісі талданады. Футбол ойнау дағдыларын қалыптастыру барысында осы бағыттағы қазіргі зерттеулер мен жарияланымдарды көрсететін қазақстандық авторлардың әдістемелік еңбектері қарастырылады.

Эмпирикалық талдауларда «Оқушымен сұхбат нәтижелері: футбол дағдыларын үйренудегі мотивация, тәжірибе және күту» бойынша зерттеу нәтижелері талданады. Сұхбат бойынша оқушылардың футбол дағдыларын үйрену контекстіндегі олардың мотивациясына, тәжірибесіне және күтулеріне қатысты бірқатар маңызды сұрақтарға жауаптары жинақталып өңделіп беріледі. Жүргізілген әдістердің жалпы түйіні психологиялық-педагогикалық аспектілер футбол дағдыларын дамытуда маңызды екені анықталады және оқушылардың *көшбасшылық қасиеттерін, командалық жұмысты және эмоционалды тұрақтылықты дамытуды* көздейтіні анықталып, оның нәтижелері кесте және гистограммаларда көрсетіледі. Сондай-ақ, футбол ойынының жаттықтырушылары және мұғалімдерімен сұхбат жүргізіліп, оның нәтижелері беріледі.

Түйін сөздер: орта мектеп оқушылары, футбол ойнау дағдысы, физикалық дағды, әлеуметтік дағды, когнитивтік дағды, эмоционалдық дағды.